

Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP14972753 «XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы архив құжаттары Қазақстанның әлеуметтік-саяси тарихының дереккөзі ретінде»
Жоба өзектілігі	Кеңес дәуірінде, Қазақстан тарихы бойынша қандай тақырыпты алсақ та, архивтік құжаттарға және ресми материалдарға негізделіп жазылған, бірақ міндетті түрде кеңес саясатына орай ыңғайластырылған позитивтік сипаттағы эмпирикалық материалдар жеткілікті болды. Үстем «методологиялық периметр» тұтқынындағы авторлар өткен ғасырдың 20-жылдарындағы билік жүйесі жүргізген аграрлық реформаларды, оның ішінде қазақ шаруашылығын дағдарысқа ұшыратқан байлардың мал-мүлкін тәркілеу, ашаршылық салдары, жер мәселесі, қуғын-сүргін зардаптары, әлеуметтік прогреске жетелейтін оқиға ретінде бағалады. Мұндай «ізденіс процедурасы» барысында алдын-ала дайындалған схемалар мен стереотиптерге қайшы келетін құжаттық материалдарды авторлар өз назарынан тыс қалдырып отырды. Сондай аса құнды дереккөздерінің бірі халықтың арыз-шағымдары, хаттары, архивтік құжаттар болып табылады.
Жоба мақсаты	XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы архив құжаттары Қазақстанның әлеуметтік-саяси тарихының дереккөзі ретінде ғылыми тұрғыдан жан-жақты әрі кешенді түрде зерттеу, оған талдау жүргізу ғылыми айналымға енгізу жұмыстың басты мақсаты болып табылады.
Жоба міндеттері	<p><u>1)Зерттеудің бағыты бойынша шешілуі керек проблемалар:</u> XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы архив құжаттары Қазақстанның әлеуметтік-саяси тарихының дереккөзі ретінде ғылыми тұрғыдан қарастыруда алдына мынадай міндеттерді қояды:</p> <ol style="list-style-type: none">1 Архивтік құжаттардың жіктелуі, талдануы, айқындалуы;2 Қазақ байлары шаруашылығын тәркілеу – халықтың арыз-шағымдарында;3 Ашаршылық мәселесі;4 Қазақстандағы жер мәселесі жөніндегі еңбекші халықтың пікірлері мен ұсыныстары;5 Саяси қуғын-сүргін мәселесі және оған көзқарас. <p>2) Архивтік деректерімен синхронды мәліметтері бар құжаттарды анықтау және зерттеу мақсатында қаланың архивтерінде, кітапханаларында жеке қорларда археографиялық жұмыстарды жүргізу;</p> <p>3) Тарихи эпистолярлық мұраны және архивтік дереккөздерден алынған деректерді салыстыра зерттеу;</p> <p>4) Кеңестік деректану ғылымы архивтік мұраларды функционалдық пайдаланылуы бойынша іскерлік, шаруашылық, туыстар арасындағы жазбалар, жеке</p>

	<p>жазбалар деп жіктеген. Коммунистік таптық-партиялық методология тарихи зерттеудің негізі болып табылатын деректердің ақпараттық құндылығына күдікпен қарап, ең сенімді дереккөзіне партиялық құжаттарды, орталықтағы әртүрлі партия органдарының материалдарын жатқызып, сипаты жағынан субъективті болып табылатын хаттарға, жергілікті орындардың құжаттарының өзіне сақтықпен қарады. Тарихи зерттеу өзінің алдына қойған мақсаты мен міндеттерін сол мәселеге қатысты деректерді ғылыми айналымға кеңінен енгізіп, оларға методологиялық дұрыс талдау жасау арқылы жететіндігі белгілі себептермен ескерілмеді. Әлеуметтік-саяси жағдайды, оның ахуалын анықтау маңызды мәселе болып отыр.</p>
<p>Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер</p>	<p>Осы тұрғыдан алғанда, бұл зерттеудің ғылыми жаңалығы алға қойған міндеттің өзектілігінен, яғни отандық тарих ғылымында архивтік құжаттар мен хаттардың осы уақытқа дейін арнайы тақырып ретінде шынайы кешенді тұрғыдан зерттелмеуінен туындайды.</p> <p>Бұл тақырыпты жан-жақты ашып көрсету, кеңестік дәуірдегі орны мен рөлін анықтауға бағыт береді. Сонымен қатар, бұл зерттеу жұмысы XX ғасыр басындағы қазақ халқының ғұмыр-тарихындағы, дербес саяси тәуелсіздікке ұмтылыстың соқпақты жолдарын танып-білуге мүмкіндік береді. Архивтік құжаттар мен хаттарға байланысты жасалған ғылыми тұжырымдар мен қорытындыларды, ізденіс нәтижелерін Қазақстан тарихының XX ғасыр басындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихына арналған монографияларда, оқулықтарда, арнаулы курстар мен семинар сабақтарында пайдаланып, тарихшы мамандарға, мектеп оқушыларына, жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарға ғылыми-зерттеу жұмыстарының материалдары қомақты көмек болады деп сенеміз.</p>
<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Курманбаева Куралай Смагуловна постдок, ORCID https://orcid.org/0000-0002-0176-8893 2. Абусейтова Меруерт Хуатовна т.ғ.д., профессор, Scopus author ID:57208107912, ORCID https://orcid.org/0000-0002-3105-5317
<p>Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)</p>	<p>-</p>
<p>Патент туралы ақпарат</p>	<p>-</p>